

**«Қос-Қорған» жалпы орта
мектеп педагог-
психологтарының
2021-2022 оқу жылында
атқарған жұмыстары
туралы
жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылы басында Сауран аудандық білім бөлімімен келісілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жұмыс бастадық. Мектептегі жалпы оқушылар саны оқу жылының басында 394-ні құрады. Мектеп оқушыларының жансаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоциялық саулығына оңтайлы жағдай жасалды. Оқушылардың жан саулығын сақтауына және олардың кәсіби жетістікке жетуіне мүмкіндік жасалып педагогтардың шығармашылық потенциалын ашуға және оны дамытуға көмек көрсетілді. Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру қолға алынды. Жоспарланған жұмыс жүресімен оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, балалардың жеке қасиеттерін дамыту мақсатында бір шама жұмыстар атқарылды деуге болады. Диагностика бағыты бойынша мектепке келген жас бұлдыршындарды мектепке қабылдау мектептің 1-сыныпына келген оқушылардың ойлау, сөйлеу, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жеке қасиеттерін анықтау мақсатында ата-ана баламен бірге сауалнамалар алынып қорытылды. 1 «а»-сыныпқа 12 оқушы 1 «б»-сыныпқа 21 оқушы қабылданды. Жыл басынан жоспарға сәйкес сыныптардың барлығынан сауалнамалар алу, сурет салдыру жолдары мен талқылап қортынды жасалып отырылды. 1-сыныпқа қабылданған оқушыларының мектепке бейімделу кезеңінен өткізу «Керн-Йирасек» тесті алынды. «Бес-терек» жобасы аясында жұмыстар. Кабинеттік талдау жүргізілді 28 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның ішінде 23 оқушы жасыл деңгейге қалған 5-оқушы сары деңгейге алынды. 4-қазаннан бастап барлық сыныптар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11-сыныптарда жұмыстар атқарылды. Оқушыларға психологиялық паспорт жасылды. 5-сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңіне өткізілді. Сынып жетекшілер және ата-аналар арасында «Буллинг» дегеніміз не түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 5-11 сынып арасында қабілет деңгейі анықталды. 11-сыныптарға ҰБТ-дайындық жұмыстары. 9-11 сыныптарға мамандық таңдауды анықтау үшін оқушыларға арналған сауалнама алынды. «Бес-терек» жобасы аясында жұмыс Далалық зерттеу ІІ-кезеңі. 5-11 сыныптар арасында «Менің отбасым», «Менің достарым», «Менің арманым» атты Эссе алынып қортынды жасалынды. 5-11 сыныптардан «Үй, Адам, Ағаш» проективті әдістемесі, «Отбасы суреті» әдістемесі, «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі, «Мен кімін?» әдістемесі алынды. 7-11 сынып қыздарынан Ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары: «Арыңды сақта бойжеткен» атты үгіт насихат жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жанымыз жақсылықтан, жаралған, жүрегіміз мейірімнен нұрланған», атты тренинг өткізілді. 11-сыныптағы 18 ұл балдарға Әскери комиссаратқа баратын оқушыларды зерттеу, зерделеу жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушыларға педагогикалық –психологиялық мінездеме жасалынды. Тәуекел тобына алынған оқушылармен жеке, топтық түзету дамыту жұмыстары атқарылды. 8-9 сыныптар арасында Тұрмыстық зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Оқушылардан сауалнамалар алынып қортындыланды



«Бес терек» жобасы аясында бір қатар жұмыстар атқарылғандығын мәлімдейміз

Атап өтер болсақ Кәбинеттік жұмыстар, толығымен аяқтадық. 5-11 сыныптар арасында «Үй,адам, ағаш» проективті әдістемесі , «Аяқталмаған сөйлемдер» , «Мен кімін? әдістемесі, Оқушылардың проблемалық бақылау парағы , Эссе жаздырылып талдау жасалды Отбасы суреті әдістемесін қолданылып толығымен талдау жасалды . Оқушыларды кәсіптік мектепке бейімдеуге, ішкі күйзелістерін жеңуге арналған психологиялық сабақтар, тренингтер оз уақытында өтылып қортындыланды .Жеке тұлғасында проблемалары бар балалармен арттерапия техникаларын қолдану арқылы балаларға көмектесілді.Мінезінде қиындығы бар және үлгермейтін оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу арқылы бір шама жетістіктерге қол жеткізілді. Оқушылардан жоспарға сәйкес сауалнамалар,аутоотренингтер,тесттер,жетістікке жетудің 10 алтын қағыдалары анкеталар, алынып қортындылап отырылды .Істелінген жұмыстарға тоқталар болсақ бастауыш және орта буын оқушыларынан **«Өзіңді бақылай аласыз ба?» «Өзін-өзі бағалау»** тесттері **«Ертегі терапияси»** алынып қортындылап отырылды

.Жоғарғы буын оқушыларынан

Құқық бұзушылықтың алдын-алу сауалнама нәтижесі 1.Соңғы уақытта жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық көптеп орын алуда. Неліктен?-деген сұраққа 37% тәрбиеден,25% жоқшылықтан, 32% білмеймін, 6% түрлі жауап берген. 2.Жалпы қылмыстың қоғамға әсері қандай деп ойлайсың?-деген сұраққа 55% зияны бар 26% жаман,12% тәрбие бұзылады, 7% түрлі жауап берген 3..Мектепте құқықбұзушылықтың алдын-алу үшін не істеу керек деп ойлайсың?-деген сұраққа 36% түсіндіріп айту керек,23% білмеймін,21% жылы, жай сөйлеу керек, 20% түрлі жауаптар берген.4.Қылмыс қайдан шығады?-деген сұраққа 35% келіспеушіліктен,33% жоқшылықтан,13% ішімдіктен ,11% түрлі жауаптар 8% білмеймін деп жауап берген.5.Мектептегі қоғамдық жұмыстарға араласасың ба?-деген сұраққа 55% ия, 31% кейде,14% жоқ деп жауап берген.6.Қылмыс жасаған оқушы қанша жастан бастап жауапқа тартылады?-деген сұраққа 66% 16жастан, 19% 14 жастан, 15% білмеймін деп жауап берген.

Нашақорлықтың алдын-алу сауалнама нәтижесі. 1.Нашақорлық туралы не білесіз?-деген сұраққа оқушылардың 50%адам денсаулығына, өміріне зиянды, өлімге дейін алып барады десе, 30% білмеймін, бірақ өте жаман ,ал қалған20% темекі шегу, ішімдік ішу деп жауап берген.Мектеп психологы, Тәрбие ісі жөн дир орынбасары мен бірлесе отырып жасалған жоспар негізінде.

«Аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу және болдырмау»Балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп баяндама оқылып нақты тапсырмалар беріліп видео роликтер көрсетіліп Ата-аналар әр баланы өзіне жақын тартып, ізгі ниетпен олардың жан дүниесін түсініп, сенімді серік, ақылшы болып, оларға қашанда ата-ананың оларды түсіне білетіндігі, көмегі қажет екендігін, өз ата-аналық махаббатыңызды үнемі көрсетіп, өмірдің тамаша екендігін және ата-анасының өзін сүйетінін бала білуі керек деген сөзбен қортындыланды.



Қыркүйек айының 20.09 2021ж 8-11 сынып оқушылармен

- 1.«Суицидтің пайда болу белгілері мен емдеу жолдары»
- 2.Келеңсіз жағдайларды болдырмау жолдарын қарастыру ,тақрыптарында сұхбат өткізілді.

Қазан айында 11.10.2021ж 9-11 сынып оқушыларымен

- 1.«Балалар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол салу жағдайларын зерделеу» психологиялық көмек көрсету.
2. Қыйындықтардан шығу жолдарын қарастыру.тақрыбында кездесу ұйымдастырылды

Қараша айының 21.11.2021ж 8-9-10-11 сыныптарымен

- 1.«Дағдарыс ахуалындағы балаларға көмек көрсету»
- 2.«Балаларға құқықтық және психологиялық кеңес беру» жолдарын қарастыру мақсатында тренинг сабақтар ұйымдастырылды .

Желтоқсан айының 01.02-28.12.2021ж 1-11 сыныптармен

1.Ата-аналармен жұмыс: «Жанымыз жақсылықтан, жаралған, жүрегіміз мейірімнен нұрланған» (Тренинг сабақ)

2.Проблемасы бар отбасына психологиялық көмек көрсету.

3.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары

4.Әскери комиссариатқа баратын оқушыларды зерттеу, зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру.



«Мейірімділік пен адамгершілік» тақырыбында сауалнама нәтижесі

Адамгершілік дегеніміз не?-деген сұраққа оқушылардың 55% адамдық қасиет, ал 18% біреуге көмек көрсету, 27% түрлі жауап берген.Мейірімділік дегеніміз не?-деген сұраққа оқушылардың 48% мейірімді болу, 22% кішіпейілділік, 30% түрлі жауап берген. Жақсы қасиет деп қандай қасиеттерді айтамыз?-деген сұраққа 56% адамгершілік, 15% жақсы мінез,29% түрлі жауап жазған.Жыл басындағы жоспар негізінде Дарынды балаларды анықтап оларға психологиялық зерттеулер жүргізілді Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің қабілеттерін анықтау мақсатында бір-қатар шаралар жүргізілді.Жыл басынан 11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық дайындық жұмыстары жүргізілді.Қыркүйек айында «Оқушылардың ҰБТ-ге психологиялық дайындығы» тақырыбында баяндама жасады. Ата-аналар мен оқушылар жыйналысы ұйымдастырылып барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Оқушыларға тақырыптық жоспар бойынша сабақтар өтілді.

Бүгінгі таңдағы ең күрделі мәселе оқушыларымыздың ҰБТке баратын оқушыларымызбен жоспарлы түрде жұмыстар атқарылуда.Емтиханға дайындалу стратегиясы,емтихан кезіндегі іс-әрекет стратегиясы,мамандық таңдау мәселелерінде оқушыларға толықтай жұмыстар жүргізілді

1. «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» (3сағат)
2. «Емтихандағы мінез-құлық» (3сағат)
3. «Жүйкелік –психологиялық күштенуден қатаюдан арылу» (3сағат)

4. «Стрестен қалай арылуға болады» (3сағат)
5. «Эмоция және мінез-құлық» (3сағат)



Жыл басындағы жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде атқарылды

«Бес-терек» жобасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1) Кабинеттік зертеулер қортындылансын:
- 2) Далалық зерттеу жұмыстары қортындыланып, уақытылы есеп берілсін.
- 3) Тәуекел тобына алынған оқушылармен жоспарлы жұмыс жүргізу мектеп психологтарына жүктетілсін.
- 4) «Аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу және болдырмау» мақсатында оқушылармен жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.
- 5) Оқушылардың ҰБТ-ке психологиялық дайындық жұмыстары жүргізіліп оқушыларға психологиялық көмек көрсетілсін.
- 6) «Зорлықсыз балалық шақ» алдын-алу жұмыстары жүргізілсін.

Қаңтар айының 10.01-31-01.2022ж 6-7-8-9-10-11 сыныптармен

1. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін психологиялық тренинг арқылы қалыптастыру.
2. «Сенімділік күш береді» жаттығу
3. ҰБТ-ға дайындық бойынша: «Үлкен материал қорын қалай есте сақтауға болады»
4. Жас мамандармен жұмыс: «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»

Ақпан айының 14.02-22.02.2022ж 5-6-7-8-9-10-11 сыныптармен

1. «Өмір қымбатсын маған» (тренинг жаттығулар)
2. Үлгермеушілік себептері және оны түзету жолдары
3. Жан дүние байлығы: «Қасиетті өсиеттер» (кездесулер)
4. Жеткіншектік кезеңде туындайтын қиындықтарды шешу жолдары



Наурыз айының 4.03-30.03.2022ж 5-6-7-8-9-10-11 сыныптармен

1. «Бес-Терек» жобасы аясында жұмыс (5-11 сынып) Далалық зерттеу
2. Зерделеу барысында анықталған оқушылармен жеке жұмыстар. (эссе, отбасылық сурет)
3. Діни экстремизм және терроризмге қарсы үгіт насихат жұмыстары, 5-11 сыныптар.
4. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды анықтау мен зерделеу проблемаларын шешу жолдары.
5. Психологиялық апталық ұйымдастыру (мектеп ішілік)

Сәуір айының 2.04-26.04.2022ж 5-6-7-8-9-10-11 сыныптармен

1. «Бес-Терек» жобасы аясында жұмыс (5-11 сынып) анықталған оқушылармен түзету дамыту жұмыстары
2. Оқушылардың денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу байынша жұмыстар.
3. 10-сынып оқушыларына бейіндік оқыту туралы кеңес беру.
4. Оқушының алдына қойған мақсатын, міндетін анықтау болашаққа көзқарасын дұрыс қалыптастыру.

Мамыр айының 2.05-25.05.2022ж 1-11 сыныптармен

1. Жекелік психологиялық қасиеттерді зерттеу: «Адам өзін-өзі не үшін білу керек»


2.11-сынып оқушыларының мамндыққа икемділігін зерттеу. Оқушылардың қалауы бойынша жеке тұлғалық ерекшеліктерін, интеллектуалдық қабілет көрсеткіштерін анықтап беру.

3. ҰБТ-ке эмоциялық күйлерін қалыпқа келтірудің жолдары.

4. Жеке тұлға дамуында кездесетін ауытқулар және олардың пайда болу себептері.

5 «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында мектепшілік семинар ұйымдастыру.

6, «Зорлықсыз балалық шақ» 1-11 сыныптардан (ананимдық) сауалнама.



Дайындаған мектеп педагог-психологтары:

Г.Даданов..Р.Алиханова